



ПАРАСАТ

№8(32), 12.09.2024

1996 ЖЫЛДЫҢ 22 НАУРЫЗЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

ИЗДАЕТСЯ С 22 МАРТА 1996

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы



"Еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру өте маңызды."

Экономиканы білікті мамандармен қамтамасыз ету — аса өзекті міндет. Ең алдымен, су, энергетика, құрылыс және басқа да салаларда қатты байқалып отырған кадр тапшылығын жою қажет.

Сондай-ақ болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау керек. Бұл бағытта нақты жұмыстар басталды.

Үкімет жоғары білім саласын халықаралық білім беру кеңістігімен ықпалдастырып жатыр. Қазірдің өзінде елімізде шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орны жұмыс жүргізе бастады. Оларға мейлінше қолдау көрсету керек. Атап айтқанда, маман даярлауға берілетін мемлекеттік тапсырысты біртіндеп көбейткен жөн. Бұл тәсілді білім бағдарламасы заман талабына сай келетін өз оқу орындарымызға да қолдануға болады.

Осы ретте грант құны жастарды сапалы оқытуға мүмкіндік беруге тиіс. Мемлекет қаржысын университеттің бәріне шашыратып, оңды-солды тарата беруге болмайды.

Үздік университеттердің нақты сектормен байланысын нығайту керек. Инновациялық саясатты еліміздің ғылыми-технологиялық басымдықтарымен үйлестіру қажет. Мұндай қадам әр саладағы инновацияға серпін береді. Сондай-ақ жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттырады. Сонымен қатар ғалымдардың шетелдегі тағылымдамасын әншейін синекураға және «академиялық туризмге» айналдырмау керек.

Жоғары оқу орындары ғана емес, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері де білікті кадрлар даярлауы қажет. Үкімет колледжде жақсы оқыған түлектерді мамандығы бойынша мемлекеттік қызметке алу мүмкіндігін қарастыруға тиіс.

Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау — айрықша өзекті мәселе. Бұл — экономиканың өсімін қамтамасыз ету және инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін аса қажет қадам.

Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз.

Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Бұл біз ұсынып отырған «Адал азамат — Адал еңбек — Адал табыс» қағидатына толық сай келеді".

САЯСАТ НУРБЕК: РАБОТА ПО РЕАЛИЗАЦИИ ПОРУЧЕНИЙ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА УЖЕ ВЕДЕТСЯ



Министр науки и высшего образования РК Саясат Нұрбек на заседании Правительства рассказал, как ведомством реализуется поручение Главы государства, озвученное 2 сентября в Послании народу Казахстана, об устранении нехватки отраслевых специалистов.

Речь идет о строителях, энергетиках и других важных профессиях, а также о подготовке будущих спецов по этим направлениям. Работа, подчеркнул министр, уже ведется по следующим направлениям:

Первое. Выявление потребностей, прогнозирование и планирование подготовки специалистов во взаимодействии с работодателями по их требованиям и запросам.

Второе. Создание якорных центров компетенций по модели академического превосходства.

Третье. Синхронизация образовательных программ на основе лучших международных практик и технологий.

Подходы, предложенные Саясатом Нурбеком, ориентированы на интеграцию образовательной системы РК в глобальные тренды и на создание условий для подготовки востребованных специалистов, соответствующих потребностям рынка труда. Применение таких подходов в Казахстане может способствовать устойчивому экономическому росту и развитию ключевых отраслей, а также укрепить позиции страны в глобальной экономике.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Зәуре КАРТОВА,

Тарих, экономика және құқық факультетінің деканы



УНИВЕРСИТЕТКЕ ДЕ МІНДЕТ ЖҮКТЕЙДІ

Биылғы Президент Жолдауында да еліміздің экономикалық-әлеуметтік дамуының негізгі бағыттары айқындала түсті. Жолдау – мемлекет үшін маңызды құжат. Оның негізінде жылдар бойына іске асырылған мәселелерге тоқталып, алдымызда тұрған мақсаттарымызды белгілеп аламыз.



Облыстың әлеуметтік-экономикалық, мәдени салаларын кадрмен қамтамасыз етіп отырған жергілікті университет мемлекет саясатымен қоян-қолтық жұмыс істеуді мақсат тұтады. Университет ұжымы Президенттің Әділетті Қазақстан құру тапсырмасының маңыздылығын қолдап отыр.

Еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттырудың қажеттігін сөз еткен Мемлекет басшысы мамандарды даярлайтын орталықтарға үлкен міндеттер жүктейді. “Үкімет жоғары білім саласын халықаралық білім беру кеңістігімен ықпалдастырып жатыр. Қазірдің өзінде елімізде шетелдің белгілі 23 жоғары оқу орны жұмыс жүргізе бастады”, – деген ойын алға тартқан кезде Қозыбаев университетінің американдық Аризона университетімен серіктестік байланысын одан әрі



нығайтудың маңыздылығы айқындала түседі.

Президент су, энергетика, құрылыс және басқа да салаларда қаты байқалып отырған кадр тапшылығын жою қажеттігін, болашақта сұранысқа ие болатын кәсіптер үшін білікті мамандар даярлау маңыздылығын баса айтты. Осы орайда маман даярлауға берілетін мемлекеттік тапсырысты

көбейту арқылы білім бағдарламасы заман талабына сай жұмыс істейтін оқу орындарын қолдау қажеттігі көрегенділікпен айтылған ұсыныс. Жоғары оқу орындарындағы қолданбалы ғылымның әлеуетін арттыру тапсырмасы да біздің университетті жаңа белестер мен талпыныстарға жетелейді.

Колледжден кейін келген білім алушылар біздің университетте екі жыл ғана оқып, жоғары біліктілік дипломын алып шығады. Әр түрлі мамандық иелерін дайындайтын университеттің білім бағдарламалары жыл сайын заман талабына сай сұранысқа ие мамандықтарға бағымдық беріп отырады.

Мемлекет басшысының 2025 жылды “Жұмысшы мамандар жылы” деп жариялауы болашақ үшін маңызды тұжырым екендігі сөзсіз.

Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм»

Павел ПРИТОЛЮК,
старший преподаватель кафедры «Журналистика»
НАО «СКУ им. М. Козыбаева»



ДОРОГА К СПРАВЕДЛИВОМУ КАЗАХСТАНУ

Новое Послание главы государства Касым-Жомарта Токаева ждал особенно. И как журналист, и как преподаватель, и как просто неравнодушный житель нашей общей Родины. После ознакомления с этим стратегическим документом могу с уверенностью сказать, что напрасными эти ожидания не были. Президент поднял много действительно проблемных вопросов и обозначил пути и даже сроки решения по многим.

Этот год простым не назвать. Серьезной проверкой на прочность для нас стало весеннее половодье, а затем и ликвидация последствий буйства стихии. Наглядно, в контексте нашей области, себя проявляют назревшие проблемы в коммунальной сфере. Решение этих вопросов – то, что мы ждем от власти в первую очередь. Но и остальные долгоиграющие темы, доставшиеся нам наследием из прошлого сложно куда-либо отсечь. А здесь и вопросы выведенных из страны миллиардов, земельные скандалы, ошибки чиновников на местах и следствие неудачных решений.

Для журналиста, работающего, в первую очередь, над освещением проблем сельскохозяйственной отрасли, мне было радостно услышать, что Касым-Жомарт Токаев в своем Послании затронул тему латифундистов. Действительно, даже на примере Северо-Казахстанской области мы часто сталкиваемся с земельными вопросами. Это и обманутые пайщики, и разрушенные некогда крупные хозяйства, и отсутствие земли для нужд населения. Многие землепользователи попросту нахватили к себе в собственность тысячи гектаров земли, выжали из нее все соки, но ничего не предоставили взамен. Президент дал понять, что государство далее терпеть подобное не намерено.

Второй момент, на который я обратил внимание, как представитель образовательной сферы – повышение кадрового потенциала. В республику привлекаются зарубежные вузы и государство готово им помогать. В то же время, необ-

ходимо увязать подготовку специалистов с нуждами реального сектора экономики. Здесь, к слову, хорошие новости для представителей ТиПО.

«Квалифицированные кадры должны готовиться не только в вузах, но и в организациях технического и профессионального образования. Правительству следует рассмотреть возможность принятия в отраслевые госорганы выпускников колледжей, показавших высокие результаты», – сказал Президент Казахстана.

Плюсом к этому – следующий 2025 будет объявлен Годом рабочих профессий. Это же время будет отведено на реформу системы технического и профессионального образования.

Очень мотивационно звучат слова главы государства о том, что необходимо, чтобы люди, добившиеся успеха честным, усердным трудом, всегда пользовались уважением и почетом. Это полностью согласуется с нашим принципом «Ответственный гражданин – Честный труд – Заслуженный успех». Ценности трудолюбия и профессионализма в нашем обществе должны быть всегда на первом месте. Именно благодаря специалистам своего дела формируется новое качество нашей нации. Поэтому мы продолжим принимать последовательные меры для повышения статуса человека труда.

Конечно, путь к социальному оптимизму будет не прост. Тот же вопрос со строительством АЭС стал причиной немалых споров и беспокойств в обществе. Именно поэтому он и выносится на рефе-

рендум. Теперь уже точно. Общенациональный референдум по вопросу строительства АЭС состоится 6 октября текущего года. Время подумать и взвесить все у казахстанцев было. Теперь нужно исполнить свой гражданский долг и проголосовать.

Президент подчеркнул, что с учетом нарастания глобального энергодефицита мы остро нуждаемся в надежных и экологически чистых источниках энергии. Поэтому, на его взгляд, необходимо обратить самое пристальное внимание на развитие атомной энергетики. Этот вид генерации способен в значительной степени удовлетворить быстро растущие потребности казахстанской экономики. Нам в этом плане есть на кого равняться – в настоящее время в 30 развитых и развивающихся государствах действуют около 200 АЭС.

Сейчас мы начинаем трезво понимать, что АЭС — это гарантия энергетической независимости и стабильного будущего для Казахстана. АЭС также может гарантировать развитие инноваций и новых технологий, что откроет возможности для привлечения инвестиций и создания новых рабочих мест.

Учитывая имеющиеся проблемы с коммунальной инфраструктурой, североказахстанцам к референдуму стоит подключиться особенно. Пройти мимо такого важного события нам точно нельзя. На кону энергетическая безопасность и базовое, но столь важное тепло в квартирах и другие блага.

ЫНЫМАҚТАСТЫҚ КӨПІРІ НЫҒАЯ ТҮСУДЕ

Халықаралық стандарттарға сай білім беру бағдарламаларын әзірлеу және қазақстандық университеттердің ғылыми әлеуетін дамыту – елді өркендетудің басты стратегиялық бағыттарының бірі. Шетелдік білім беру жүйесінің озық үлгілерін сіңіру мақсатында әлемдегі үздік университеттермен серіктестік қарым-қатынас орнатудың өзіндік орны мен өзіндік талабы жоғары. М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті өзіне стратегиялық серіктес ретінде Америка Құрама Штатындағы Аризона университетін тандап, екі жоғарғы оқу орны Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып, үшжақты меморандумға қол қойып, келісім-шарттың орындалу мерзімі он жылға белгілеген болатын.

University of Arizona «Карнеги классификациясы» бойынша зерттеу қызметі жоғары деңгейдегі университет R1 санатына жататын 136 жылдық тарихы бар білім ошағы. Аризона университетімен ынтымақтастық –

қазақстандық университетті халықаралық кеңістікке ілгерілету мен тануды және стратегиялық мақсаттарды іске асыруды көздейтін серіктестік. Қозыбаев базасында 2022-23 оқу жылында заманауи оқыту бағдарламасы бойынша алғашқы студенттер қабылданды. Биыл университет табалдырығын аттаған 507 студентті қосқанда қос және халықаралық дипломдармен білім алып жатқан студенттер саны 1051 адам саналады.

ҚР ҒЖБМ қолдауымен екі жоғарғы оқу орны арасындағы ынтымақтастық жылдан-жылға ширатыла түсуде. Терең серіктестікті көздеген екі жақ бүгінде тонның ішкі бауындай аралас-құралас қарым-қатынас орнатқан. Жақында аризоналық делегация Қозыбаев университетіне тағы атбасын тіреді. Американдық университеттің вице-президенті Дженни Ли бастаған делегация үшінші жыл табысты жүзеге асырылып жатқан қос дипломдық және халықаралық бағдарламалармен оқитын студенттердің жаңа оқу жылының ашылуының куәгерлері болды. Құрметті қонақтармен жергілікті ЖОО басшылығы, профессорлық-оқытушылық құрам және студенттер кездесті.

«Екі жылдың ішінде бірлескен бағдарламаларымызға бір мыңнан астам студент қабылданды. Бұл университетіміздің жаңа деңгейге шығуына мүмкіндік берді. Серік-



тестіктің маңыздылығын ескере отырып, ҚР ҒЖБМ тарапынан, жергілікті атқарушы органдар тарапынан да үлкен қолдау таптық. Бұл жобаның келешегі зор. Ал келесі кезең – университеттің, жалпы өңірдің дамуына серпін беретін ғылыми зерттеулер болмақ», – деді М. Қозыбаев университетінің Басқарма Төрағасы-Ректор Ербол Исақаев.

Қос дипломдық бағдарламалар мен ғылыми жобалардың әлемдік білім беру кеңістігіндегі маңыздылығы сөз еткен Аризона университетінің вице-президенті Дженни Ли: «Мен профессор ретінде 20 жылдан астам уақыт қызмет етемін. Шынымен де білім өмірді өзгертеді. Егер біз осы бағытта аянбай қызмет етсек, ғылыми зерттеулерді дамытсақ, қоғамымызда ғана емес, әлемде де оң өзгерістерге қол жеткізе аламыз. Университеттерімізге ортақ нәрсе – халықаралық студенттердің білім алуы және шекаралас аймақта орналасуы болып табылады. Бірлескен жұмысымыз академиялық еркіндік пен үлкен жетістіктерге әкеледі деп сенемін», – деген жүрекжарды лебізін жеткізді.

Қозыбаев университетінің басшысы Ербол Исақаев пен Аризона университетінің вице-президенті Дженни Ли қатысқан баспасөз маслихатында да екі жақты серік-

тестіктің маңызы мен болашағы туралы тұщымды ойлар ортаға салынды. Жиында басшылық алдағы үш жылда қос дипломдық бағдарлама шеңберіне тағы үш жаңа білім беру бағдарламасын енгізу жоспарымен де бөлісті. Олар «Бизнес және менеджмент», «Жалпы медицина» және «Су ресурстары» болмақ.

«Мемлекет басшысы өз Жолдауында су ресурстарына, ирригацияға, ауыл шаруашылығын дамытуға баса назар аудару қажеттілігі туралы айтты. Бүгін серіктес делегацияның сапары дәл осы мәселелерді талқылауға бағытталды. Университетіміздің базасында стратегиялық әріптесімізбен бірлесіп, ғылыми бағдарламаларды іске асыру жұмыстары жүргізіледі. Су ресурстары, азық-түлік қауіпсіздігі, ауыл шаруашылығы, топырақ құнарлылығы сынды өңір мәселелеріне байланысты болады. Қазірдің өзінде Аризона университетінің ғалымдары АҚШ Ауыл шаруашылығы министрлігінің гранттық жобасы аясында суару технологиялары бойынша арнайы ғылыми зерттеулер жүргізеді. Өткен аптада ғана зерттеудің бірінші кезеңі аяқталды. Ынтымақтастық үшін бұл өте жақсы негіз деп санаймыз», – деді Ербол Исақаев.

Қозыбаев университетімен серіктестікті жоғары бағалайтынын жеткізген Дженни Ли екі жақты ынтымақтастыққа қолдау көрсетіп отырған жергілікті билікке өзінің ризашылығын жеткізді.

Зарина Мақшаева,
журналист.



КОНСТИТУЦИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ЕЕ ЗНАЧЕНИЕ В ЖИЗНИ ОБЩЕСТВА

В большинстве современных государств Конституция является основным политико-правовым документом. Она представляет собой взаимообусловленную совокупность нормативных правовых предписаний, как правило, обладающих высшей юридической силой, устанавливающих основы общественных отношений, политическую систему и политический режим, а также основополагающие принципы деятельности органов государства и самоуправления.



По утверждению классиков философии Жан-Жака Руссо, Томаса Гоббса, Дени Дидро и Шарля Монтескье, призвание Конституций состоит в том, чтобы ограничить произвол государства при вмешательстве его в личные дела граждан. Это своего рода договор народа с государством об утверждении своеобразных «правил игры», с тем, чтобы общество и каждый индивид, с одной стороны, и государство, с другой, двигались в заранее согласованных и, желательно, параллельных курсах. Характерными чертами Конституции Казахстана 1995 года выступают коренное изменение политических приоритетов – выдвигание на передний план человека, введение разумно достаточных пределов для власти, ориентир на построение демократического общества и правового государства. Что особенно важно, эти рамки очерчены и закреплены в ходе республиканского референдума 30 августа 1995 года самим народом.

В Конституции РК имеются: пре-

амбула, основная часть и заключительные (переходные) положения. В этой связи она по своей структуре относится к так называемым «расширенным» Конституциям, имеющим в своем составе все известные составные звенья.

Конституция РК состоит из 9 разделов и 99 статей. Изменения и дополнения в Конституцию РК вносились шесть раз: в 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 и 2022 (дважды, один из них – на республиканском референдуме) годах.

Самое, пожалуй, главное отличие ныне действующей Конституции от всех предыдущих (а эта Конституция в Казахстане, с учетом советских, пятая) – это то, что она стала актом прямого действия. Конституции советского периода больше носили декларативный характер. Они лишь провозглашали определенные права и свободы граждан, на основании чего издавались другие законы во исполнение Конституции, но не обеспечивали гарантий их осуществления.

Необходимо отметить, что гуманизм – это существенная, отличительная черта нашей Конституции. Очень сильным, грамотно составленным и отвечающим современным требованиям является второй раздел Конституции – «Человек и гражданин». Прежде всего, согласно Конституции, все равны перед законом (статья 14). Речь идет о юридическом равенстве и правовом статусе субъектов во взаимоотношениях друг с другом и их положении перед судом. Конституция дает всем одинаковую стартовую площадку.

Конституцией гарантированы всем общечеловеческие (естественные и неотчуждаемые, личные) права, они принадлежат каждому от рождения, признаются абсолютными и не подлежащими ограничению. Это относится как к гражданам РК, так и к иностранцам и лицам без гражданства.

(Продолжение на стр.6)

КОНСТИТУЦИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН И ЕЕ ЗНАЧЕНИЕ В ЖИЗНИ ОБЩЕСТВА

(Начало на стр.5)

Конституция значительно расширила права человека и гражданина. Так, статья 19 гласит, что граждане вправе определять, указывать или не указывать свою национальность, партийную, религиозную или иную принадлежность. Каждый имеет право на пользование родным языком, культурой, на свободный выбор языка общения, воспитания и творчества. В национальных паспортах гражданина РК оставлена графа «национальность». Конституция дает право заполнять эту графу по желанию.

Может человек не указывать и своих партийных, религиозных убеждений. В последнем случае речь идет уже о свободе совести. Только в этом положении закона есть оправданные ограничения: не должны скрывать такие подробности военнослужащие, судьи, сотрудники правоохранительных органов, структур национальной безопасности, поскольку это может повлиять на их профессиональную деятельность. Принадлежность же к какой-либо партии, политическому движению может сказаться на объективности принимаемых ими решений и оправданности служебных действий.

Большим нововведением в

Конституции является статья 26, где говорится, что граждане РК могут иметь в частной собственности любое приобретенное законным путем имущество. Заметьте, имеется лишь одно ограничение – законность приобретения собственности. Раньше, конечно же, о частной собственности и речи быть не могло. Теперь же она охраняется законом и обеспечивается принудительной силой государства.

Еще один значительный момент. Статья 13 гласит, что каждый имеет право на признание его правосубъектности и защиту своих прав и свобод всеми не противоречащими закону способами, включая необходимую оборону. Конституция разрешает защищать себя от посягательств («самозащита»), гарантирует судебную защиту и квалифицированную юридическую помощь.

Права человека и гражданина значительно расширены Конституцией. В этой связи нужно сказать о том, что перечень прав и свобод, приведенный в Конституции, а их в ней перечислено 48, не является исчерпывающим и может подлежать расширительному толкованию. То есть у каждого из нас в реальности прав значительно больше, и мы вправе их отстаивать и по собственным силам тре-

бовать их признания. А вот что касается обязанностей (а в Конституции РК их 11), то их перечень ограничен, и дополнительные обязанности могут быть на кого-либо возложены только законами РК или в добровольном порядке.

Конституция РК – «живой», повседневный, действующий документ. Она не является ПАМЯТНИКОМ ПРАВА, а является его ИСТОЧНИКОМ, то есть ФОРМОЙ СУЩЕСТВОВАНИЯ (ВЫРАЖЕНИЯ) действующего ПРАВА и актом прямого действия, входит в существующую иерархию правовых актов и возглавляет ее.

На Конституцию можно напрямую ссылаться в суде и обосновывать на ней свои требования и юридическую позицию.

В заключение хотелось бы сказать, что Конституция – это наше завоевание, наш символ, наряду с Гербом, Гимном и Флагом. Это наше будущее. А строить его мы должны вместе, как и вместе должны наполнять сухие строчки Конституции «живительной влагой» законопослушания и уважения. Так, Конституция «на бумаге» станет Конституцией «в действии».

Конституция Казахстана: почему она важна для молодежи? МНЕНИЕ

Меня зовут Жаслан, и я — студент. Как представитель молодежи, я часто задумываюсь о том, что именно определяет наше будущее в этой стране. Для меня Конституция Казахстана — это не просто документ, это основа всех наших прав, свобод и обязанностей. Она гарантирует нам возможность учиться, работать, высказывать свое мнение и развиваться.

Конституция помогает нам понимать, как мы можем участвовать в жизни государства, защищать свои интересы и отстаивать свои права. Чем больше мы, молодые люди, будем знать о Конституции и ценностях, которые она защищает, тем активнее и осознаннее мы



сможем участвовать в жизни нашей страны. Важно, чтобы каждый из нас знал свои права и умел их использовать, ведь это — залог справедливого и светлого будущего Казахстана.

Конечно, важно помнить, что

Конституция — это не только гарантии, но и ответственность. От нас, молодежи, зависит, каким будет будущее Казахстана, и знание основного закона страны помогает нам строить осознанное гражданское общество. Мы должны быть активными и неравнодушными, участвовать в общественных инициативах, выбирать свой путь и принимать важные решения, зная, что наши права защищены. Чем лучше мы будем понимать Конституцию, тем сильнее будет наша уверенность в том, что мы можем изменить свою страну к лучшему.

Жаслан Бегиман,
студент группы Ж-22

ҒАЛЫМДАР ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

Қозыбаев университетінде қызмет атқаратын профессорлық-оқытушылық құрамның білім беру сапасымен қатар, олардың академиялық дәрежелерін жетілдіріп отыру талабы да назарда ұсталады. Бүгінгі таңда университетте 12 ғылым докторы, 39 PhD докторы, 108 ғылым кандидаты, 226 магистр жұмыс істейді. Оның ішіндегі үш оқытушы PhD докторы академиялық дәрежесін жақында алды.



Ізденістері мен зерттеулерінен оң нәтиже шығарғандар – Университеттің құабылдау департаментінің директоры Гүлмира Оспанова, «Бастауыш және мектепке дейінгі білім берудің теориясы мен әдістемесі» кафедрасының аға оқытушысы Әлия Айтымова және «Құрылыс және дизайн» кафедрасының меңгерушісі Анна Шапорева.

ҚР ДСМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының бұйрығымен Kozybayev University қабылдау департаментінің директоры Гүлмира Оспановаға «Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілді.

Әлия Айтымова Қозыбаев университетінде 2007 жылдан бері қызмет атқарады. Ол «Педагогика және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту әдістемесі» және «Психология» мамандығы бойынша жоғары білім дипломдарын иеленеді. Омбы мемлекеттік педагогикалық университетінде «Педагогика» мамандығы бойынша магистр дәрежесін алып, 2017-2020 жылдар аралығында М.Қозыбаев атындағы СҚУ-да «Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандығы бойынша докторантураның білім беру бағдарламасын игерген. 2022 жылдан бастап «Жас ғалым» жобасы бойынша жас ғалымдардың зерттеулерін гранттық қаржыландыру бойынша

постдокторант болып танылды.

Жақында «Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың IT-құзыреттерін қалыптастыру үшін ақпараттық-білім беру ортасын әзірлеу» тақырыбында докторлық диссертациясын сәтті қорғады. Әлия Мұратқызы академиялық ұтқырлық, ғылыми ізденіс бағытында шетелдерге шығып тұрады. Ол 2024 жылы Ұлыбританияның Лондон қаласында өткен «Bett-2023» білім беру технологияларының көрмесіне қатысса, 2024 жылы Малайзия елінің Куала-Лумпур қаласына «4-6 жастағы балалардың графомоторлық дағдыларын дамыту» жобасы бойынша сапарлап келді.

Әлия Айтымова Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының жас ғалымдары жұмыс тобының құрамына кіреді. Қозыбаев университетінің Ғылыми-техникалық кеңесінің мүшесі. Бірнеше ғылыми мақаласы рецензияланған журналдарда жарық көрген. Scopus базасындағы Хирша индексі – 4. Авторлық құқығы бекітілген үш куәліктің иегері.

«Құрылыс және дизайн» кафедрасының меңгерушісі Анна Шапорева «Информатика, есептеу техникасы және басқару» мамандығы бойынша PhD докторы. Оның биыл қорғаған докторлық диссертацияның тақырыбы – «Қашықтықтан оқыту технологиясы кезінде оқу процесін қамтама-

сыз ету және ұйымдастыру сапасын бағалаудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеу».

Анна Васильевна 2023 жылдан бастап халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі. Халықаралық ғылыми-техникалық журналдарда рецензент. Білікті маман ретінде конкурстық шараларға баға беруге жиі шақырылады. Дизайн бойынша Ресей мен Қазақстанда өтетін халықаралық конкурстарға, Петропавл қаласындағы «Оқушылар сарайы» базасында өткізілетін «Жас өнертапқыш», «Ғылымға жол» және т.б. байқауларға қазылар алқасы қатарында Анна Васильевна да өзінің әділ бағасын береді. Солтүстік Қазақстан облысы құрылысшылар қауымдастығына Солтүстік Қазақстан университеті атынан өкіл. Университеттің ғылыми-техникалық кеңесінің мүшесі. Рецензияланатын журналдарда бірнеше ғылыми еңбектері жарық көрген. Scopus базасындағы Хирша индексі 5-ті құрайды. Еңбегі мен ізденісінің нәтижесін көрсеткен алты куәлікке авторлық құқығы бар. «Педагогикалық және жаратылыстану-ғылыми бағыт бойынша ғылыми мақалалар жазу әдістемесі» және «Бұрыштық өлшемдер» атты екі оқу құралын жазған.

Ұлан Сейілбеков,
«Журналистика» кафедрасының
3 курс студенті.

ТҮРКИЯЛЫҚ ҒАЛЫМ БІЛГІМЕН БӨЛІСУДЕ

Қос және халықаралық диплом бағдарламасы шеңберінде жоғарғы оқу орнының профессорлық-оқытушылар құрамын жандандырып отыру университеттің басты стратегиялық бағыттарының бірі. Осы мақсатпен шетелдерден оқытушылар тарту үдерісі қолға алынған. Жақында түркиялық IT маманы, PhD докторы, ғалым Джелал Чекен келді.

Джелаль Чекен Түркияның Коджаэли және Сакария университеттерінде, АҚШ-тың Оңтүстік Флорида университетінде жұмыс істеген ғалым. Қазіргі уақытта сымсыз сенсорлық желілер мен интернет деректерін талдау және қауіпсіз бағдарламалық жасақтаманы әзірлеумен айналысады. Ғалымның біздің университетте бір ай бойына дәріс оқып,

білім-білігін студенттер мен әріптестеріне сіңіріп кетпек ойы бар.

Құрметті қонақтың Қызылжар топпырағында назар аударған бірінші жағдай - теріскейдің құбылмалы ауа-райы болыпты. Әзірге Джелаль Чекен қаламен танысып үлгірмеген, десек те уақыт тауып, қаланы көрген кезде өзіне көптеген қызықты ақпараттар мен жаңашылдықтар алатынына қуанышты.



Түрік оқытушысы өзінің сапары аясында студенттер мен оқытушыларға арналған IT семинарларын өткізеді. Сонымен қатар, Аризона бағдарламасында жұмыс істейтін оқытушылар құрамы үшін біліктілікті арттыру курстарын да ұйымдастырмақ. Ғалым өткізетін семинарлар мен курстарда әлемдік еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуды үйрететін дағдыларға басымдық бермек. Ол ЖОО-лар арасындағы бүгінгі ха-

лықаралық ынтымақтастық қазақстандық оқытушылар мен мамандардың деңгейін жақсартуға көмектесетініне де сенімді. Болашақта түлектер үшін халықаралық компанияларға қызметке орналасу көкжиегі кеңейеді, деп отыр.

Оқытушының тәжірибесі Түркия мен АҚШ елдеріндегі жұмысымен сабақтасады. Ғалым шет елдер мен Қазақстан арасындағы білім беру тәсілдерінің айырмашылығын да көріп үлгірген. Оның айтуынша, оқу үдерісін теориялық негізге емес, тәжірибелік әлемге бағыттаған ыңғайлы. Тәжірибемен жинақтаған дағдыларын бірден көрсете алатын маман-түлектерге жұмыс табу жеңілдік тудырады екен.

Жаннұр Бектұрғанова,
"Журналистика"
кафедрасының
3-ші курс студенті.

ӨЗГЕ ТІЛДІҢ БӘРІН БІЛ...

Түрік тілі халықаралық аренада өзінің беделін көтеріп келе жатқан тілдердің бірі. Бұл тілді үйренуге қызығушылық танытатындардың қатары қалындауда. Біздің университет ұжымында да түрік тілін үйренуге ниет етіп отырғандар көбейіп келеді. Сол мақсатты жүзеге асыру үшін Түркия мемлекетінің Мехмет Акиф университетінің тіл маманы Нүргүл Йулдуз шақыртумен келіп, өз қызметін ұсынуда. Жайдары мінезді оқытушыны әңгімеге тартқан кезде білім-білігі туралы ақпараттардан бөлек өзінің оқу орнының Қозыбаев университетімен ынтымақтастық қарым-қатынасын жоғары

Қызылжардың көрікті жерлерін аралап үлгірген қонақ сәулеті мен эстетикасы өзгеше қала архитектурасын ұнатып қалғандай, әсерлі әңгіме тарқатты. Сондай-ақ студенттер және профессорлық-оқытушылық құраммен қарым-қатынасы жақсы орныға бастағанына да қуанышты.

Нүргүл Йулдуздың тіл үйретуде өзіндік аман-тәсілдері бар. Сабақтары негізінен тәжірибелік тапсырмаларға негізделген. Оқытушы тілді үйренудің ең бір тиімді тәсілі – тілдің қолданыс

аясын кеңейту деп біледі. Оқу жылының басы болғандықтан түрік оқытушысының алдында отырған студенттер санаулы, бірақ уақыт өте орта толатынына сенімді.

Оқытушы алдына келген тыңдаушысының тіл үйренуге деген зор ниетінің болуын қалайды. Басқа мәдени контекстегі студенттермен жұмыс істеу оқытушының білім беруге деген құштарлығын ғана емес, сонымен қатар өзінің оқыту тәсілдерін жетілдіре түсуге, тәжірибесін байытуға зор

мүмкіндік беретінін жасырмайды.


Тіл үйрену бағытында алған білімді қашанда тәжірибемен ұштастыру қажет деген ұстанымдағы оқытушы қазақ тілді ортамен сабақты таза түрікше өткізгендіктен олардың тілді меңгеру мүмкіндігі жоғары екендігін айтады. Алдына келген тыңдаушының әр қайсысымен жекедара жұмыс істеп, олардың жақсы нәтижелерге қол жеткізетініне сенімді.

Жаннұр Бектұрғанова,
«Журналистика» кафедрасының

И ПАСПОРТ НЕ ПОМЕХА ДЛЯ МЕЧТЫ

А мы продолжаем знакомство с нашими первокурсниками. В этом году среди первашей, выбравших для себя сферу журналистики, несколько граждан иностранных государств. Это и те, кто имеет статус «кандас», и ребята с российским паспортом.

Азамат ЖЕКЕМБАЙ,
студент группы Ж-23



Впрочем, наличие удостоверения личности другой страны не мешает делать этих студентов местными — нашими североказахстанцами.

Например, первокурсница Аяна Нурсалимова родилась в Российской Федерации и до двух лет жила в Омске. Но потом родители решили перебраться на историческую родину. Так Аяна оказалась в Петропавловске.

«Я проучилась все 11 лет в школе №32. Как раз-таки в этой школе зародилась моя мечта стать журналистом. С 9 класса я была уверена в том, что хочу поступить в наш университет на журналиста и я упорно шла к своей цели», — рассказывает девушка.

Учебный год в университете только начался, но Аяна уже активно погрузилась в процесс. Осваивая азы журналистики, она с энтузиазмом посещает лекции, готовится писать статьи и учится брать интервью. Однако не только журналистика оказалась интересной для нее — другие дисциплины тоже увлекли ее своей разнообразностью и глубиной. Студентка уверена, что всестороннее образование поможет ей стать профессионалом с широким

кругозором и творческим подходом.

«Я очень люблю путешествовать. Вместе со своими родителями каждое лето посещаем новые интересные места. Я считаю, что путешествие это главный путь к саморазвитию. Хочу посвятить этому всю свою жизнь. Страна, которую я мечтаю посетить — Япония, потому что меня очень цепляют их культура и обычаи. Я бы очень хотела в будущем объединить журналистику и путешествия. Уверена что из этого может получиться что то интересное», — делится с нами мыслями Аяна.

Алексей Гаврилов — также россиянин, но детство и юность его прошли в Петропавловске. Так что — тоже абсолютно местный человек. За его плечами здесь и школа, и колледж.

«Я выпускник школы №8 с уклоном на хореографическое направление. Там был участником образцового ансамбля танца «Бұлақтар». Сразу после школы поступил в колледж СКУ на специальность «Переводческое дело». Увлекаюсь редактированием видео, веду фан-страницу, параллельно работаю в сфере инфлюенс-маркетинга», — расска-

зывает Алексей.

Увлечения и оказались решающими моментами в выборе дела, которому молодой человек хочет посвятить жизнь.

«Принял решение идти на журналистику, исходя из небольшого опыта в написании постов, новостей, интервью для своего блога. Поступил в Северо-Казахстанский университет им. Манаша Козыбаева по рекомендациям друзей и близких, которые уже обучались там. В принципе, здесь большой выбор специальностей и дополнительных возможностей для саморазвития в различных сферах деятельности», — резюмирует парень.

Аяна и Алексей — лишь два примера среди многих первокурсников, которые пришли в Северо-Казахстанский университет с огромным энтузиазмом и стремлением к новым знаниям. Эти молодые люди готовы не просто учиться, но и развиваться, используя каждую возможность для саморазвития и реализации своих амбиций. Мы с нетерпением ждем, какие новые горизонты они откроют для себя и для нас.

КИНО ДЛЯ СТУДЕНТОВ

Студенческая жизнь — это не только учеба, лекции и экзамены, но и время для вдохновения и саморазвития. Кино — один из способов найти мотивацию, узнать что-то новое и расширить свои горизонты. Вот несколько фильмов, которые стоит посмотреть каждому студенту.

Первый в нашем списке — «Умница Уилл Хантинг» (1997). Эта драма рассказывает о молодом гении, который работает уборщиком в университете и борется с внутренними демонами. Фильм мотивирует не бояться раскрывать свои таланты и учит, что образование — это не просто диплом, а стремление понять и развить себя.



«Общество мертвых поэтов» (1989) — еще один важный фильм для студентов. История о харизматичном учителе английской литературы, который вдохновляет своих учеников мыслить нестандартно и следовать за своими мечтами, показывает, насколько важно находить свой голос в мире, полном стереотипов и ограничений.



Если хочется немного комедийного настроения, стоит обратить внимание на «Стажера» (2015). В нем Роберт Де Ниро играет пожилого стажера, который учится у молодых коллег. Фильм подчеркивает важность обмена опытом и учит, что никогда не поздно начать что-то новое, вне зависимости от возраста.



Для тех, кто ищет мотивацию в учебе и жизни, подойдет «Социальная сеть» (2010). Эта история успеха Марка Цукерберга и его команды, создавших Facebook, показывает, как важно быть амбициозным и не бояться следовать за своими идеями, несмотря на трудности и преграды.



«Прекрасный ум» (2001) — биографическая драма, основанная на реальной истории математика Джона Нэша, который борется с шизофренией, но при этом делает великие научные открытия. Этот фильм не только показывает, как важно стремиться к знаниям и развитию, но и подчеркивает силу человеческого духа в преодолении трудностей.



«Начало» (2010) — интеллектуальный триллер Кристофера Нолана, который увлекает зрителя в мир снов и подсознания. Фильм заставляет задуматься о природе реальности, возможностях нашего разума и о том, что границы возможного часто существуют только в нашем воображении.



И, наконец, «В погоне за счастьем» (2006) — трогательная и вдохновляющая история о том, как упорство и вера в себя могут преодолеть любые трудности. Этот фильм напомнит каждому студенту о том, что никогда нельзя сдаваться, даже в самых сложных ситуациях.



Эти фильмы — не просто хорошее развлечение, но и источник ценных уроков, вдохновения и веры в собственные силы. Так что на следующем каникулярном вечере не забудьте приготовить попкорн и выбрать одну из этих кинокартин для просмотра!



В Северо-Казахстанском университете им. Манаша Козыбаева стартовал новый учебный год, и для первокурсников это начало большого пути. Молодые студенты, впервые переступившие порог вуза, уже успели поделиться своими первыми впечатлениями с редакцией нашей газеты. Их рассказы полны вдохновения, планов на будущее и веры в то, что университет станет местом, где мечты превратятся в реальность.

Еще совсем недавно я была школьницей: каждый день ходила в класс, учила уроки, готовилась к экзаменам. Жизнь казалась предсказуемой – уроки, перемены, контрольные. Но вот я закончила школу, и теперь я студентка. Это новый этап, который переворачивает мою жизнь. Быть студенткой – это не просто продолжать учиться, но и становиться более самостоятельной. Теперь многое зависит только от меня: как я распределю свое время, к чему приложу усилия, как справлюсь с новыми обязанностями.

Студенческая жизнь – это больше свободы, но и больше ответственности. Теперь я должна сама организовать свое обучение и развитие. В университете я не просто углубляю свои знания, но и учусь самостоятельности, планированию и целеустремленности. Меня ждут интересные лекции, новые знакомства и возможности для роста. Это время поиска себя, определения своих целей и их достижения. Я чувствую, что впереди много открытий, и верю, что этот период станет ярким и важным в моей жизни. Я готова принять все вызовы и с нетерпением жду, что принесет новый день!

Сабина Токубаева, Ю-24-2

Еще вчера ты была школьницей: звенел звонок на урок, тетрадки, учебники, строгие учителя и расписание, по которому строился каждый твой день. Мир был упорядочен и ясен, каждый шаг контролировался и направлялся. Вчера ты знал, что делать и когда. Но сегодня все изменилось. Сегодня ты — студент. Это слово звучит гордо, но что за ним стоит? Свобода? Безусловно. Но еще и ответственность. Нет больше школьного звонка, который подскажет, когда двигаться. Теперь ты сам выстраиваешь свой день, решаешь, какие лекции посещать, какие книги читать, что важно, а что нет.

Студенчество — это не просто время учебы, это эпоха самопознания. Здесь нет уже четких инструкций и готовых решений. Здесь ты сам автор своей истории. Хочешь — открой новую главу и напиши ее посвоему. Хочешь — останься на месте. Но помни, стоять на месте — это тоже выбор. Да, вчерашний школьник — это сегодня студент. Но не просто студент — это взрослый человек, который начинает по-настоящему понимать, что такое жить. Теперь

твое будущее в твоих руках. И все только начинается.

Арина Ильина, Ю-24-2

В этом году окончил 11 класс школы-лицея "Дарын" и, поступив в университет имени Манаша Козыбаева, вступил в новый этап жизни - студенческие годы. Я слышал много различных историй о студенческой жизни от множества разных людей, но ни одна из них не передала мне сути обучения в университете. Поэтому, при поступлении меня терзали сомнения: "а если будет слишком сложно?", "а если я не смогу ни с кем познакомиться?" и прочее, и прочее. Но, что хорошо, все оказалось не так плохо. Университет не так сильно отличается от школы: занятия, перемены, домашние задания, войти в этот стремительный цикл оказалось не так сложно. Я нашел замечательных друзей, много хороших знакомых, познакомился с интересными предметами. Но были и небольшие трудности: беготня между корпусами, запутанное расписание, привыкание к формату лекций. Я надеюсь, что мой 1 курс пройдет также интересно и увлекательно, как и 10 предыдущих дней.

Артем Купчин, Ю-24-2

«ПАРАСАТ»
газеті

МЕНШІК ИЕСІ:

«Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

БАСПАГЕР:

«М. Қозыбаев ат. СҚУ» КЕАҚ тарих, экономика және құқық факультетінің «Журналистика» кафедрасы.

БАС РЕДАКТОР:

Гүлгүл Түлешева.

ШЫҒАРУШЫ РЕДАКТОР:

Павел Притолок.

РЕДАКЦИЯ МЕКЕНЖАЙЫ:

15000, Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Мағжан Жұмабаев көшесі,
№ 6 оқу ғимараты, 215 кабинет, «Парасат» редакциясы, parasatmedia.ku@gmail.com.

Қайта есепке қою туралы Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің 2021 ж. 19 қарашадағы

№КЗ73ВРУ00042947 кұзлігі берілді.

Жарияланған материалдар редакцияның көзқарасын әрдайым көрсете бермейді.

Газет ай сайын шығады.

Таралымы: 10 дана.

Тапсырыс №143.

Газета
«ПАРАСАТ»

СОБСТВЕННИК:

Некоммерческое акционерное общество «Северо-Казахстанский университет имени Манаша Козыбаева».

ИЗДАТЕЛЬ:

Кафедра «Журналистика» факультета истории, экономики и права НАО «СКУ им. М. Козыбаева».

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:

Гүлгүл Түлешева.

ВЫПУСКАЮЩИЙ РЕДАКТОР:

Павел Притолок.

АДРЕС РЕДАКЦИИ:

150000, Северо-Казахстанская область, город Петропавловск, улица Мағжана Жұмабаева, дом 114, учебный корпус № 6, кабинет 215, редакция «Парасат», parasatmedia.ku@gmail.com.

Свидетельство о постановке на переучёт №КЗ73ВРУ00042947 выдано Министерством

информации и общественного развития Республики Казахстан от 19 ноября 2021 г.

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.

Газета выходит 1 раз в месяц.

Тираж 10 экземпляров.

Заказ №143.

БІЗДІҢ ЧЕМПИОН

Осы жылдың қыркүйек айының басында Испанияның Понтеведра қаласында күрес түрлерінен әлем чемпионаты өтті. Грек-рим күресі бойынша 82 келіге дейінгі салмақта қазақстандық спортшы Ислам Евлоев әлем чем-



пионы атанып, Қазақстан туын жеңіс тұғырынан желбіретті.

Әлем чемпионатының 20 жасқа дейінгілер арасында грек-рим күресінің турнирі барысында Ислам Евлоев Чехия, Германия, Қытай балуандарынан басым түсті. Ал оның жартылай финалдағы қарсыласы белдесуге шыққан жоқ. Ақтық сынақта Ислам Евлоев түркиялық Альперен Белбермен белдескен болатын. Түрік спортшысы әлемдік рейтингте 7-ші орынды иеленетін мықтылардың бірі екендігін ескерсек, жанкүйерлер үшін бұл жеңістің бағасы арта түсері анық. Олар сайыс финалында кездесіп, жерлесіміз түрік балуанын айқын басымдықпен 9:3 есебімен жеңіп, алтын медальді алқасына тақты.

«Әлем чемпионаты жоғары деңгейдегі жарыс болып табылады. Жаттықтырушым Қонысбек Тұқановпен бірге «алтынды» жеңіп алдық. Алдағы мақсат – кезекті Олимпиада ойындарына жолдама алып, сонда шеберлік таныту. Оған дейінгі төрт жыл ішінде басқа турнирлерге қатысып, біліктілікті шыңдай түсуіміз керек», – дейді Ислам Евлоев.

Ислам Kozybayev University-де

«Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алуда. «Дене шынықтыру және әскери тәрбие теориясы мен әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі Айса Танақұлов атап өткендей, Ислам кәсіби спорт пен

ЖОО-да оқуды үлкен жауапкершілікпен алып жүрген студент. Ол өз қатарластарына үлгі. Оқытушылары жас спортшыны еңбекқор, тәрбиелі, қарапайым деп сипаттайды.

Осы аптада чемпион «Дене шынықтыру және әскери тәрбие теориясы мен әдістемесі» кафедрасының оқытушылары және студенттерімен кездесіп, жарыста алған әсерімен бөлісті. Университет ұжымы чемпионның жеңіспен шын жүректен құттықтап, жылы лебіздерін жеткізді.

Ислам алты жасынан бастап күреспен айналысады. Жеңіске жету жолы еңбекқорлыққа, тұрақты жаттығуларға, жиындар мен жарыстарда сын сағаттарын өткізуге байланысты екендігін айтады.

Жеңістің биік тұғырынан көрінген Ислам Евлоев жоғарғы оқу орнының ғана емес, бүкіл Қазақстанның мақтанышы!

Айгерім Маралова,
«Журналистика»
кафедрасының
3-ші курс студенті.

Қымбатты оқырмандар!

Құрметті Kozybayev University оқытушылары, студенттері мен қызметкерлері! Сіздерді ынтымақтастыққа шақырамыз. Бізге жоғары сапалы фотосуреттер мен адамдар жайындағы қызықты жазбаларыңызды, ғылыми ізденістеріңіз бен өзекті мәселелер туралы материалдарыңызды жіберіңіздер.

Дорогие читатели!

Уважаемые преподаватели, студенты, сотрудники Kozybayev University приглашаем вас к сотрудничеству. Присылайте нам свои истории об интересных и выдающихся людях, актуальных событиях, материалы на злободневные темы, проиллюстрированные качественными фотографиями.